Атырау облысы Құрманғазы аудандық білім бөлімі»
Панфилов атындағы жалпы орта мектебі мемлекеттік мекемесінің мектеп ұжымы мүшелерімен жиналыс болып өтті.

Өткізілген уақыты: 9.04.2025
Өткізілетін орны: Панфилов атындағы жалпы орта мектебі
Отырыстың басталуы: 17:00
Отырыстың аяқталуы: 18:30
Қатысуға тиіс: 33
Қатысқаны: 27
Себепті: 6

Күн тәртібінде:

1. Атырау облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті басшысының 2024 жылғы 23 қазандағы № 367-н/қ бұйрығын таныстыру, білім беру жүйесіндегі мемлекеттік бақылау ережелерімен таныстыру, академиялық адалдық қағидаттарын қатаң сақтау бойынша түсіндірме жұмысын жүргізу;
2. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-Y заңы туралы және сыбайлас жемқорлыққа мәдениетті қалыптастыру бағытында түсінік беру;
3. Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-YI «Педагог мәртебесі» туралы Заңымен таныстыру;
4. Білім беру ұйымында «Педагогикалық әдептің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы №190 бұйрығы негізінде педагогтік әдеп кеңесін құру бұйрығымен таныстыру;
5. Педагог қызметкерлердің біліктілігін тестілеу кезінде академиялық адалдық қағидаттарын сақтау;
6. «Таза Қазақстан» экологиялық сенбілікке шығу кестесін таныстыру, келісім алу
7. Тәрбие.Білім:Түйін жобасын таныстыру

Тыңдалды:

Л.Умирзахова – мектеп директорының уақытша міндетін атқарушы: Құрметті педагогикалық ұжым күн тәртібіндегі мәселелердің маңыздылығын ескере отырып, ақпараттандыру түсіндіру жұмыстарын жүргізу үшін жиналып отырмыз. Күн тәртібіндегі 1-мәселе бойынша Атырау облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті басшысының 2024 жылғы 23 қазандағы № 367-н/қ бұйрығын таныстыру өздеріңізге белгілі Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 бұйрығымен бекітілген Білім туралы заңның 59 бабына сәйкес мектебіміз 2025-2025 оқу жылының қараша айында мемлекеттік бақылаудан өтеді. Атырау облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті басшысының 2024 жылғы 23 қазандағы № 367-н/қ бұйрығына сәйкес 13 мамыр күні 4-9 сыныптар бойынша білім алушылар арасында білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындаған компьютерлік форматтағы кешенді тестілеу (ГАШ) жүргізу жоспарлануда. Жалпы мемлекеттік аттестаттау кезінде академиялық адалдық қағидаттары қатаң сақталуы қажет. Педагогтер арасында қаржы жинау немесе оқушылар мен педагогтердің арасында қосымша ресурстар пайдалану, көшіру фактілерінің болмау керектігін қатаң ескертемін. Пән мұғалімдеріне дайындық жұмыстарын күшейту тапсырылады.

2- мәселе бойынша «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-Y заңы туралы және сыбайлас жемқорлыққа мәдениетті қалыптастыру бағытында түсінік жұмыстарын жүргізу бойынша елімізде жемқорлықты болдырмау және оған қарсы күресті күшейту шараларына орай заңдар қабылданып, алдын-алу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Заңды білу толыққанды көрсету әр мүшенің борышы. Сондықтан білім саласында кездескен

келеңсіздіктер біздің ұжымда орын алмаса да алдын-алу, таныстыру жұмыстарын жүргізу басты міндетіміз. Білім беру ұйымдарында мүдделер қақтығысы, артық ақша төлемдерін жүргізу, конкурс арқылы жұмысқа алу заң талаптарына сәйкес жүзеге асырылу қажет.

3-мәселе. Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-YI «Педагог мәртебесі» туралы Заңына тоқталғым келіп тұр. Бұл 2019 жылдан бастап қолданыста жүрген өздеріңізге таныс заңдардың бірі. 7-баптың 3 тармағында білім алушылар мен тәрбиеленушілердің немесе олардың ата-анасы мен заңды өкілдерінің тарапынан кәсібіне құрметпен қаралуына немесе тиісінше мінез – құлық көрсетілуіне, 3 жылда бір сиретпей біліктілігін арттыруға, үздіксіз кәсіптік дамуға міндетті екендіктерін көрсеткен. Атқарған қызметтеріңізге сәйкес мектептен құрылған педагогтерді салалық көтермелеу комиссиясының ұсынымымен түрлі деңгейдегі марапаттарға ұсынылу жүргізіледі.

4- мәселе бойынша Білім беру ұйымында «Педагогикалық әдептің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы №190 бұйрығы негізінде мектеп директорының 2025 жылдың 9 сәуір күнгі № 01-02-1/113 санды бұйрығына сәйкес педагогтік әдеп кеңесін құру бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізуді таныстыруға ұсынылып отыр. Кеңестің негізгі міндеттері мен функциялары бар. Барлық педагог қызметкерлер педагогикалық әдеп ережелерін педагогтердің білуін және олардың кәсіби қызметі мен еңбек тәртібі сапасын бағалау өлшемшарттарының бірі болып табылады. 3-тарауға сәйкес педагогтер қызметтік және қызметтік емес уақытта педагогикалық әдеп принциптерін сақтау баса айтылған. Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің немесе олардың заңды өкілдерінің қадір-қасиетіне тіл тигізбей қағидаттары көрсетілген. Сондықтан ата-ана, оқушы, әріптеспен кәсіби ынтымақтастықты сақтауды тапсырамын.

5- мәселе педагог қызметкерлердің біліктілігін тестілеу кезінде академиялық адалдық қағидаттарын сақтау туралы айтып өтуді жөн көріп отырмын. Құрметті әріптестер біліктілік санатына тестіге барған кезеңде академиялық адалдықты сақтау қағидаттары қатаң ескертілуі қажет. Егер педагог тарапынан қосымша ресурс, ұялы телефон пайдалану факторы анықталса, 2 жылға тесттен шектеледі. Мектебіміз үшін, өзіңіз үшін аброй бермейтін іс-әрекет. Сондықтан кәсіби мамандығымызға сызат түсірмей бар мүмкіндігімізбен адал тапсыру керек екендігін ескертемін.

6- мәселе. Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың бастамасымен қолға алынған «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы бастау алды. Бұл іс-шара 2 ай бойы жүргізіледі. Сондықтан сенбілікке шығу мектептің кәсіподақ кеңесімен бекіте отырып, әр аптаға 1 бірлестікті топтастыра отырып ұйымдастыруды ұсынып отырмын. Барлығыңыз осы ауылдың тұрығынысыздар ауыл тұрғындарына жол көрсететін өзіміз сондықтан бұл ұсыныстыны қолдайды, келіседі деп ойлаймын.

7- мәселе. Тәрбие.Білім:Түйін жобасы мен таныстыру – **мектеп директорының уақытша тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Қ.Лұқпанова**

Құрметті әріптестер кешегі күні Бегалиев орта мектебінің базасында аудандық білім бөлімінің ұйымдастыруымен «Тәрбие. Білім.Түйін» жобасының таныстырылымы өтті. Бұл жоба қазіргі қоғам сұранысына сәйкес тәрбие құралдарын қолдану арқылы келер ұрпақ санасына сілкіндірердей әсер ету жолдарын жаңа , өзекті тәсілдерін қолдаун арқылы жүргізілетін жоба. Жобаны іске асырудағы іс-әрекеттер жоспары бірнеше кезеңді қамтиды. Сондықтан осы жоба жұмысын мектебімізде енгізуге сіздерден қолдау күтемін. Жас ерекшеліктеріне сәйкес обілім алушыларды, педагогтерді, ата-аналарды қамти отырып, іс-шаралар жұмысын қолға алуды ұсынамын.

Күн тәртібіндегі мәселелер толық таныстырылып, түсіндірілді. Сөйлеушілер болса деген ұсыныс бар.

Сөйлеушілер:

Е.Дюсенбаева – мектеп директорының оқу ісі-жөніндегі орынбасары. Құрметті педагогикалық ұжым! Күн тәртібіндегі алынған тақырыптар өзекті. Алда үлкен жұмыстар тұр. Мемлекеттік аттестаттау жұмыстарына үлкен назар аударылу қажет. 13 мамыр күні 4-9 сыныптарға компьютерлік тестілеу сынағы жүргізейін деп отыр. Дайындық жұмыстарын күшейтуіміз керек. Оқушыларды қосымша дайындыққа шақырту, сабақ барысында дайындық жұмыстарын күшейту қажет. Пән мұғалімдерінің жауапкершілігі арту қажет деп ойлаймын. Сонымен қатар сынып жетекшілер тарапынан оқушыларға дайындық, қолдау жұмыстары жүргізілу керек. Компьютермен дайындық жаттығу жұмыстарын үздіксіз жүргізу керексіздер. Тестілеу кезеңінде академиялық адалдық қатаң сақталу қажет. Күн тәртібіндегі басқа да мәселелерге толық қосыламын. Жұмыс барысында қолданыстағы заңдылықтар. Сенбілік кестесін бекітуге қарсылық жоқ деген ұсынысым бар. Мектептің педагогикалық қызметкерлері уақытылы еңбекақыларын алып отыр, ауысытырылым сабақтар кезең-кезеңімен беріліп отыр. Оқу жылының соңғы пед кеңесінде келесі жылдың тарифтік жүктемесінің болжам көрсеткіші жасақталып ұжымға таныстырылады.

Б.Барседенова – физика пәнінің мұғалімі. Әріптестер бүгінгі жиында әр күн тәртібіне назар аударып қарасақ, педагогтер үшін аса маңызды. Алда үлкен жауапкершілігі бар жұмыс тұр. Сәттілік тілеймін. 5 жыл бойы атқарған жұмысымызға есеп беретін уақыт сондықтан уайымымыз да бар. Оқушыларды дайындық жұмыстарын бастадық. 1,2,3 оқу тоқсанында өткен тақырыптар бойынша жүргізіліп жатыр. Әлі де күшейту керек. Сыбайлас жемқорлық заңнамасы таныстырылды, бұрыннан таныс. Сыбайлас жемқорлық педагогтер арасында орын алса бұл біздің кәсіптік қызметімізге үлкен сын деп ойлаймын. Сондықтан көзі ашық, саналы тұлға ретінде бұл қадамға баруды мүлдем құптамаймын. Еңбекақымызды уақытылы алып отырмыз, еңбек демалысы Еңбек талаптарына сәйкес беріліп отыр. Мұғалімдердің тарифтік жүктемесі, сағаттық бөлінуі барлығы ашық талқылауға салынып отырады.Педагогикалық әдеп, педагог мәртебесі туралы мектеп директоры талдау жасап өтті. Әсіресе жас мамандар осы заңдылықтармен жете танысса, ата-анамен, оқушылармен қиындық туындаған жағдайда негізге алуға басты құрал. Ұжым мүшелері бір-бірімен тиімді қарым-қатынас болуы қажет, мектеп аумағынан тыс жерлерде де педагогикалық әдепке жат қылықтардан аулақ болуымыз керек.

М.Қайсекенова – бастауыш сынып мұғалімі. Күн тәртібіндегі мәселелер маңызды. Өзім 4 сыныптың сынып мұғалімімін. Биыл бізде 4 сыныптар ББЖМ –ға да, ГАШ-қа да түсіп тұр. Үлкен жауапкершілікті жүктейді. Қазіргі уақытта дайындық жұмыстарын ББЖМ жүргізіп жатырмыз. Оқушыларды тест сұрақтарымен дайындау жұмыстары жүргізіліп жатыр. Дайындық барысында информатика оқу кабинетіне апарып құрылғылармен дайындап жүрмін. Интернет мәселесе күрделі. Көп жағдайда ұстамайды оқушының даййындығына көп кедергі. Қалталы роутер көмегімен ұйымдастырып отырмыз. Аман сұлтан платформасы арқылы дайындық жұмыстары жүйелі жүргізілуде. Сенбілік жұмыстарына алдыңғы апта бастауыш бірлестігі шықтық. Тазалау жұмыстарын жүргіздік айға 1 рет шығуға болады. Әріптестер қолдайды деп ойлаймын.

Р.Наурызғалиева - бастауыш сынып мұғалімі. Әріптестер күн тәртібіндегі мәселелерге жеке тоқталмаймын. Мектепте бірнеше жылдан бері қызмет атқарып келе жатырмын кәсіподақ кеңесінің мүшесімін. Мектеп басшысы Л.Мустахимқызы түсіндіріп, жеке тоқталып өтті. Алдағы мемлекеттік аттестаттаудан аброймен өтейік. Құжаттарымызды жинап, реттеу жұмыстарын бастауымыз қажет. Ұжымда қалыпты ахуал. Педагогтердің әдеп бұзуы болған емес. Жас мамандармен толыққан. Қазір әлеуметтік желіде түрлі хабарламалар келіп жатады. Сол негізсіз хабарламаларға сенбеу, тараптау, педагог болғаннан кейін этика сақтау керекпіз себебі біздің артымызда ата-ана, бала деген үлкен әскер тұр. Кейбір ұсақты мәселелерді ұжым арасында шешуді ұсыныс етемін. Ұсыныстарыңыз болса тыңдаймыз заңды түрде жауап береміз. Сенбілік мәселесі бойынша өз ойларыңызды айттыңыздар қарсылық білдіріп отырған ешкім жоқ. Тазалық өзіміз үшін керек осы ауылдың тұрғыны біз. Біз осы ауамен тыныс алып, осы жердің суын ішіп отырған. Сондықтан тазалық жұмыстарына шығуды қолдаймын. Күн жылынып келе жатыр айналамыздың тазалығы сақталуы тиіс. Ауылдағы мекеме мектеп болғаннан кейін біздер бастап тұрғындарды сенбілік жұмыстарға тартуымыз керек.

М.Сатыбалдиева – орыс тілі пәнінің мұғалімі, 10 сынып жетекшісі. Күн тәртібіндегі мәселелерді қолдай отырып, сынып жетекші ретінде жоба жұмысына сәттілік тілеймін. Оқушылардың бос уақыттарын тиімді өткізуге ынғайластыра жоспарланған жоба. Ата-аналардың белсенділігін арттыруымыз керек. Көбінесе ата-аналар мектеп өміріне араласуына белсенділіктері төмен. Кітап оу құндылықтарын арттыруымыз қажет.

Атырау облысы Құрманғазы аудандық білім бөлімі мемлекеттік мекемесінің «Панфилов атындағы жалпы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі күн тәртібіндегі мәселесі бойынша төмендегідей

Қаулы етеді:

1. Атырау облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті басшысының 2024 жылғы 23 қазандағы № 367-н/қ бұйрығы, білім беру жүйесіндегі мемлекеттік бақылау ережелері, академиялық адалдық қағидаттарын қатаң сақтау және оған жол бермеу әр мүшеге міндеттелінсін, орындалысын бақылау мектеп директорының оқу орынбасары Е.Дюсенбаеваға жүктелсін.
2. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-Y заңы туралы және сыбайлас жемқорлыққа мәдениетті қалыптастыру жұмыстары бақылауға алынсын.
3. Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-YI «Педагог мәртебесі» туралы Заңын сақтауға және орындау барлық педагог қызметкерлерге жүктелсін.
4. Білім беру ұйымында «Педагогикалық әдептің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы №190 бұйрығы негізінде педагогтік әдеп кеңесін құру бұйрығы қаперге алынсын.
5. Педагог қызметкерлердің біліктілігін тестілеу кезінде академиялық адалдық қағидаттарын сақтау және тестілеу барысында қосымша қызметтерді пайдаланбау қағидаттары қатаң сақталсын бақылау мектеп директорының оқу орынбасары Е.Дюсенбаеваға жүктелсін.
6. «Таза Қазақстан» экологиялық сенбілікке шығу кестесі бекітілсін және қосымшаға сәйкес жалғансын.
7. Тәрбие.Білім:Түйін жобасы аясында мектепішілік шығармашылық топ құрылып, іс-шара жоспары жасақталсын орындалуын бақылау мектеп директорының уақытша тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Қ.Лұқпановаға міндеттелсін.
8. Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша жасақталған хаттамамен барлық педагогикалық қызметкерлерді таныстыру Е.Дюсенбаеваға жүктелсін.

«Атырау облысы Құрманғазы аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Панфилов атындағы жалпы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мектеп директорының уақытша міндетін атқарушы Л.М.Умирзахова

«Атырау облысы Құрманғазы аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Панфилов атындағы жалпы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мәжіліс хатшысы: Е.С.Дюсенбаева

Панфилов атындағы жалпы орта мектебі бойынша педагог қызметкерлердің тізімі.
2024-2025 оқу жылы

Р/с	Мұғалімнің аты жөні	Таныстым
1	Умирзахова Линда Мустахимовна	
2	Дюсенбаева Еркебулан Сагаденовна	
3	Барседенова Бибигул Жангуатовна	
4	Бейшова Жаннат Дармешовна	
5	Малиева Айғаным Жанболатовна	
6	Мурзагалиева Гульмира Шакидуллаевна	
7	Ескалиева Людмила Мухамбетовна	
8	Абулхайрова Гулжан Кисаровна	
9	Мусағалиева Құралай Имангалиевна	Бала күтімінде
10	Сатыбалдиева Мейрамгуль Жетыбаевна	
11	Ержаханова Гаухар Бисенбаевна	
12	Султангалиева Рита Халитовна	
13	Ажмеденова Токтар Таскалиевна	
14	Амангелдиева Алтынай Асқарқызы	
15	Кайсекенова Мейрамгуль Минажовна	
16	Тлепбергенова Асел Ерсайыновна	
17	Муслимов Бауыржан Тастанбекович	
18	Файзуллина Арай Атаевна	
19	Тулегенова Гульнар Шакировна	
20	Кубашева Алмагул Жеткеншекқызы	
21	Наурызғалиева Райса Гадиловна	
22	Лукпанова Куралай Кыдыровна	
23	Хамзин Рамазан Мадениетович	
24	Торгаева Айнур Сарсенбаевна	
25	Сейтова Ақсамал Мадатқызы	
26	Кожахова Райхан Жетписовна	
27	Дюсенова Мейрамгул Болатқызы	
28	Саюпова Лаура Серикқызы	
29	Файзуллаева Інжу Сандыбайқызы	
30	Жумалиева Динара Ерболатовна	
31	Сдихова Гулімжан Жумажановна	
32	Серікбаева Жансая Ренатқызы	
33	Харесов Таңатар Екпинович	